

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ**

Студенттің өздік жұмысы

**Тақырыбы: «Теріні консервілеу және сақтау,
Тері сапасының негізгі көрсеткіштері, Былғары
шикізатының ақаулары »**

Орындаған: Шәменова А.Н.

Тобы: ТК - 421

Тексерген: Спанова А.М.

Семей 2017

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

- 1. Теріні консервілеу және сақтау
- 2. Тері сапасының негізгі көрсеткіштері
- 3. Былғары шикізатының ақаулары
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер



КІРІСПЕ

Былғары - мал терілерін химиялық және механикалық әдістермен өңдеу арқылы алынатын материал. Одан аяқ киім, сырт киім, айыл-тұрман, галантерея, техникалық бұйымдар т.б. жасалады. Былғарының бүлініп, бұзылуын болдырмау үшін, автолиз бен шіру процестерінің дамуына тосқауыл болатындай оларға қолайсыз жағдай жасайды, ол үшін алдымен былғарыдағы ылғалдың мөлшірі азайтады. Терідегі ылғалдың мөлшірін азайту әртүрлі әдіспен іске асырылады, ол үшін теріні кептіреді немесе терідегі ылғалды тартып алатын әртүрлі заттарды пайдаланылады. Былғарыны консервілейді.


● 1. Теріні консервілеу және сақтау

Консервілеу – былғарының бүлініп, бұзылуын болдырмау үшін, автолиз бен шіру процестерінің дамуына тосқауыл болатындай оларға қолайсыз жағдай жасайды, ол үшін алдымен былғарыдағы ылғалдың мөлшірі азайтады. Терідегі ылғалдың мөлшірін азайту әртүрлі әдіспен іске асырылады, ол үшін теріні кептіреді немесе терідегі ылғалды тартып алатын әртүрлі заттарды пайдаланылады.


Бұдан басқа микроорганизмдердің жағымсыз әрекетін болдырмау үшін былғарының ішіндегі осмос қысымын өзгертеді, ол үшін теріге қаныққан ас тұзының ертіндісін еңгізеді.



Консервілеуді «барлық фермент, шіріткіш бактериялар, яғни микрөптардың тоқтауы» деген сөз деп ұғу керек. Теріде 40% ылғал болуы микроорганизмдер үшін қолайлы. Консервілеуде барлық құрғату әдістері теріні сорғытудан тұрады. Негізгі консервілеуші зат - кәдімгі құрғақ ас тұзы.



Консервілеу түрлері




Ылғалды тұздау

Мұздату

Құрғату

Тұздай құрғату

Сәулелендіру



Ылғалды тұздау



Бұл әдістің кереметі тері тінінің сапасы, ал кемшілігі – көп тұз шығыны. 1 кг теріге 400 г тұз алынады, кальциленген сода 1/400 қатынастағы консервілеуші тұзбен ІКМ, бұзау, тана терілері тұздалады. Қоспаны жақсылап араластырып, қолдануға бір күн бұрын дайындайды. Жүн жағын жоғары қаратып, бетон және тегіс ағаш бетіне теріні жазып қояды.

Терінің бахтарма, яғни, ет жағына тұз себе отырып, қолмен нығыздап жағады. Бір күннен соң қайтадан тұздайды, оны «пакет» дейді.

Басынан бастап төрт бөлікке, алдымен оң қолы мен сол қолын ішке қарай, одан кейін жотасын бүктейді. Осы оралған теріні құйыршығымен және жіппен байлайды. Үш күннен кейін тұздалған теріні тексеру керек: егер қатты тұздар болса, онда барлығы дұрыс, ал егер орындарын қалтырып, тұз сініп кетсе, онда қайтадан тұздаған дұрыс.



Бес күннен кейін белок пен ылғалды тұздық аға бастайды. Жақсы тұздалған тері берік және тығыз келеді. Шел жағы құрғақ, ақшыл түсті келеді, тек пышақ тигізгеннен соң сұрғылт тартады. Дұрыс тұздалған тері жақсы сақталады, ал нашар тұздалған тері - көп бөгеттер жасайды. Қатты тұздалған терінің қылшықтары түсіп қалады, ол мехтік және тері өндірісінде қолдануға келмейді.

Кептіру және құрғақ престі консервілеу.

Бұл әдіс бұзау, тана, қой, ешкі, құлын терілерін консервілеу үшін өте қажет. Артықшылығы - арзан және оңай, кемшілігі - теріде қажетсіз қабыршықтар пайда болып, май қышқылы әсерінен илеуге тура келеді. Теріні ақпанның аяғы мен наурыздың басынан бастап, яғни жылы уақыттарда кептіреді.

Бұл уақытта күннің көзінен сақтану керек, әйтпесе тері қабыршақтанып, оның құрамындағы коллаген жоғары температурада желатинденіп кетуі мүмкін.



Теріні жазда 22-25^oC, ал қыста жылытылған қоймаларда кептірген пайдалы. Тері диаметрі 3-5 см жақсы тазартылған ағаштарда ілініп тұруы керек. Теріні жерге қойып тұздауға болмайды. Иленіп тұрған терінің басына, құйрығына, аяғына таяқшалар тіреп, жазып қояды. Тері біркелкі кебу үшін ауыстырылып отырады. Жақсы құрғатылған тері созылмалы келеді, шел жағын саусақпен шерткен кезде өзіне тән дыбыс береді және жүнді жабыны құрғақ келеді.



Құрғақ тұздау

Бұл тәсілді қолданған кезде, алдымен теріні тұздайды, сосын құрғатады. Кемшілігі - консервіленген терінің жоғары гигроскопиялығы болып табылады. Сол себептен қоймадағы тері ылғалдылықтан шіріп, дымқылданып кетеді. Негізінен құрғақ тұздауды ыстық климатты жерлерде де, суық климатты жерлерде де қолдана береді.





Былғары өндірісіндегі технологиялық тізбектегі операциялар төмендегіше топталады: теріден жарғақ алу және илеуге дайындық операциялары, илеу, илеуден соң құрғату – сулау операциялары әрлеу операциялары. Тері өндірісіндегі технологиялық тізбектегі операцияларды дайындық жасап шығару және әрлеу операциялары деп топтайды.

Былғары өндірісіндегі теріден жарғақ алу операциялар тобы жібіту, жүннен арылту және күлдеу операцияларынан тұрады. Тері өндірісіндегі жібітуден кейінгі жүнді тікеннен тазалау, шаю, шелден тазарту және майдан арылту операциялары дайындық операциялар тобына жатады.

Жаңа теріні - жас тері деп атайды. Оны өңдеуге 1-2 сағат ішінде кірісе алмасаңыз, оны міндетті түрде консервілеу керек. Әйтпесе, жас терілерде шіріткіш бактериялар көбейіп кетеді.



Теріні консервілемес бұрын пайдалануға болмайтын бөліктерді алып, реттеген жөн. Олар салмағын жоғарылатып келсе, өңдеу процестерін қиындатады. Оларға: май, ет, қан, кір, ерін, құлақ, мүйіз, лай, тұяқтар жатады. Кір мен майды қолмен, тупикпен тазартады.



Реттеуден кейін енді бір гигиеналық операция - **теріні жуу**. Әдістелген жолмен мұқият жуу - микроптарды екі есе төмендететінін көрсеткен. Сонымен қатар, еритін белоктар да жуылып, **консервілеуді** жеңілдетеді. Теріні шелек, шлангалы тазартқыштармен жуады.



2. ТЕРІ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Тері өнімдерін: тон, шапан, бас киім, жаға, палантиндер және т.б. заттарды тұрғындардың кеңінен қолдануын дәлелдеудің ешқандай қажеті жоқ.

Тері бұйымдарының сапасы бірінші кезекте - тозуға тұрақтылығы, алғашқы шикізаттың сыртқы бейнесі, өңдеу технологиясы және қолданатын илеу түрлері, бояғыш, майлағыш заттар түрлеріне байланысты анықталады. Жылу қорғағыш және тері өнімдерінің эстетикалық қасиеттері тері жүн жабындысының сапасына, яғни қоюлығына, дәрежесіне және жүн жабындысының ұзындығына, үлпілдігіне, жұмсақтығына, жылтырлығына, түсіне байланысты.

Бірінші кезекте өңделмеген бағалы аң терісінің сапасы, сондықтан да оларды бағалау аңдардың мекендеу ортасына, қоректену және аңды аулау мерзімі мен мезгіліне байланысты, яғни **тері сапасының негізгі көрсеткіштері:** жұмсақтық, үлпілділігі, түсі, реңі және жүн жабындысының жылтырлығы болып келеді.

Бағалы аң терісін дәстүрлі бағалауда жеке - жеке әрбір тері жүн жабындысы және тері ұлпасының сапалы көрсеткішін органолептикалық әдіс жолымен қатаң жүргізіледі. Бұл процес өте ұзақ және онда субъективтік факторлар басым. Терідегі жүн жабындысының түсі және жылтырлығы ондағы жүннің құрамындағы пигменттеріне тығыз байланысты, олар негізінен меланин бояғыш затын түзетін арнайы меланфора клеткаларында пайда болады. Терінің негізгі түсіне қосымша жиі әртүрлі реңде болады.

Қазіргі уақытқа дейін тәжірибеде жүн жабындысының түсін бағалау шартты болып отыр. Мысалы, бағалы аң терісінің бірнешесін бағалағанда мынандай терминдер қолданады: көк түлкі терісі – көк дақты сарғыш –қара түсті; қызыл түлкі – қоңыр дақтарымен сарғыш және қоңыр түсті. Негізгі қиындық тері жүн жабындысының түсін және аумақтық бояудың реңін бағалауда және де мынадай шартты терминдер қолданады: құм күреңді (уссурлік жанат тәрізді иттің жүн жабындысы), құм қоңыр (ор қоян терісінің жүн жабындысы), ақшыл қоңыр, қара бурыл (ондатр терісі жүн жабындысы), қара, қанық қоңыр (қара күзен терісі жүн жабындысы).

Жылтырлық – бұл табиғи және боялған тері жүн жамылғысындағы бағалы тауарлық қасиет. Жылтырлық қарқындылығы жүн жабындысының үстінен түскен жарық сәулесіне шағылысу қабілеттілігіне байланысты.

Тері сапасын бағалау әдісі міндетті түрде әрбір жеке теріні МССТқа сәйкес жүргізеді және бұл процес субъективті әрі өте ұзақ болып келеді.

3. БЫЛҒАРЫ ШИКІЗАТЫНЫҢ АҚАУЛАРЫ

Шикізат ақаулары - деп оның бағасын түсіретін кемістіктерді айтады. Бұл кемістіктердің неден болғанын анықтап, оны болдырмау жолдарын білгеннің үлкен маңызы бар. Шикізаттың барлық түрінде кездесетін жалпы ақаулар және кейбір шикізат түрлерінде ғана болатын өзіндік ақаулар болуы мүмкін. Шикізат ақаулары жануардың немесе аңның тірі күнгі және өлгеннен кейінгі деп ажыратылады. Былғарылық шикізаттың сапасын төмендететін ақаулардың 60 % тірі күнгі ақаулар болып табылады. Үлбір шикізатының сапасын төмендететін ақаулардың көбі аң өлгеннен кейінгі ақаулар болып табылады. Ал, теңіз жануарларының және жүні бағалы аңдардың өлгеннен кейінгі ақаулары терінің бағасын кемітіп, оны бастапқы нарқының 70-80 % түсіреді.



Мал немесе терілерінің тірі күнгі тері ақаулары.

Мұндай ақаулар малға жөнді күтім болмағандықтан және ластанудан, сондай-ақ сыртқы күш әсерінен механикалық жарақаттанудан болады. Көбінесе кездесетін ақаулар: тесік, тыртық, мойын терісінің қатуы, жара, жауыр, таңбалар.





Терідегі бөгелек шағудан болатын тесіктер диаметрі 1-5 мм аралығында болады. Бұл ақаулар мүйізді ірі мал және бұғы терілерінде кездеседі. Бұл ақау - терінің көп тараған ақауларының бірі. Бөгелек личинкаларының құрты теріні жеп, тесіп тастайды. Одан пайда болған тесіктер өзі шикізатта білінбей тұрғанымен, дайын былғары жасаған кезде терінің бетінде анық көрінеді, себебі коллаген талшықтарының бағыты бұзылады.



Терідегі формасыз бедер мал шешек (оспа) ауруымен ауырғаннан кейін пайда болады. Ол терінің табиғи өрнегінің бұзылуына әкеп соғады. Қыртыстар мойын терісінің қалыңдап кетуінен болады, бұл - бұқа, өгіз және өгізшелерге тән нәрсе.

Мойын қыртыстары жас бұзауларда онша терең болмайды, оларды сүт сызықтары деп атайды. Қыртыстар аяқ киімнің үстіңгі жағына арналған былғары сапасын кемітіп, шикізаттан пайдалы шығынды төмендетеді. Сондай-ақ, малдың тірі күнгі тері ақауларына әр түрлі жаралар, жауырлар, қамшы қатты тиген немесе қамыт қажыған іздер, теміреткі шыққан орындар және басқа жара іздері жатады. Тірі кезіндегі аңның жүнді жабынының ақауларына: жүн талшықтарының түсуінің өзгеруі, жүннің үйпаланып қалуы, жүн талшықтарының кенеттен жіңішкеруі, күн сәулелерінің әсерінен кейбір аңдарда жүн ұшының оралып қалуы (түлкі, құндыз), қылшық жүндерінің нашар дамуы жатады. Аң алынғаннан кейінгі тері ақаулары аңдарды қолға түсіру, терісін сыпыру және консервілеу кезінде, сондай-ақ оларды сақтау, артып тиеу кезінде пайда болады.

Мал терісін бөлу кезіндегі ақаулар. Теріні малдың денесінен абайлап, еппен бөлу керек. Әйтпесе, тері аумағының аз шығуы, оған еттің, майдың кетіп қалуы, терінің жыртылуы, кей бөлшектерінің кесіліп қалуы, сыпырған теріде сүйектің кетіп қалуы сияқты ақаулар терінің сапасын 20 % төмендетеді. Консервілеу, сақтау және буып - түйіп, арту кезіндегі ақауларға қызарып кету, тұзды таңбалар, майысып сынуы, қыртыстануы, мүйізденуі, қатаюы, көгеруі, шытынауы, іріп-шіруі, түйінденуі, күйе түсуі жатады.



Қызару - терінің бахтарма жағының түсінің қызғылтқа өзгеруі, ол ылғалдап тұздалған шикізатты сақтау кезінде пайда болуы мүмкін. Қызару микробтардың әсерінен де болады, оның нәтижесінде теріде әр түрлі мөлшерлі таңбалар пайда болып, олардың түсі қызғылттан қоңыр-қошқылға, кейде қызыл -күлгін түске дейін өзгереді. Қызарумен бірге кілегейлену және аммиактың бөлініп шығуы қатар жүреді. Қызарудың пайда болуы температураның 22-23°C көтерілуінен, ауаның салыстырмалы ылғалдылығының 55-90 % жетуінен болады.

Тұз таңбалары. Ылғалдай тұздалған теріде, майда, қаттылау формасыз, диаметрі 5 мм дейін түсі қоңыр дүмпілер түрінде пайда болады. Тұз таңбалары бар жеріндегі өзеңнің сапасы мен құрылымы өзгереді. Бұл таңбалардың пайда болуы: микробтар түсуінен; автолиз нәтижесінен; консервілеу кезінде қолданылатын химиялық қосылыстар әсерінен, натрий хлориді мен антисептиктерден; белоктар ыдырау нәтижесінде шикізаттың физикалық- химиялық өзгеріске түсуінен (бұл өзгерістер консервілеуге дейін пайда болады да, сақтау кезінде білінеді) деп есептеледі. Шикізаттағы тұз таңбаларын ажырату онша мүмкін болмағанымен, шикі жарғақта олар қоңыр және жасыл түсті болып анық көрінеді де, бахтарма жағында дөңгелек жасыл таңбалар түрінде кездеседі. Тұз таңбалары бар тері бояуды нашар қабылдайды, сондықтан кейінгі өтетін әрлеу процестері қиынға түседі. Тері қатқыл болады және ақшыл-қоңыр түстен, қара-қоңыр түске боялады. ІҚМ-да, бұзауда шел және беттік қабаттарда ылғал тұздалған болады. Оны жою үшін тұзға 2,5-3 кальциленген сода және 1% парадихлор және 2% нафталин қосады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, өздік жұмыс барысында көптеген ақпараттармен таныстым. Былғарылық шикізаттың ақаулары деп терінің барлық ауданы бойынша немесе жеке жерлеріндегі өңделген былғарының сапасын төмендететін немесе оны пайдалану дәрежесін азайтатын бүлінулерді айтамыз. Бұл ақауларды міндетті түрде және анықтай алу қажет және де олардың тері сапасына қалай әсер ететінін білу керек.

Терінің сапасы ең алдымен малды асырау жағдайларына байланысты.

Ақаулардың пайда болу уақыты немесе себептері бойынша терілер негізгі үш топқа топтастырылады: тірі кезіндегі ақаулар, теріні дұрыс сыпырмағаннан пайда болатын ақаулар, дұрыс консервіленбеу және дұрыс сақталмаудың салдарынан пайда болатын ақаулар.

Тері бұйымдарының сапасы дегеніміз - тозуға тұрақтылығы, алғашқы шикізаттың сыртқы бейнесі, өңдеу технологиясы және қолданатын илеу түрлері, бояғыш, майлағыш заттар түрлеріне байланысты анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❖ **1 Б.К. Әсенова, Г.Н. Нұрымхан, А.Н. Нұрғазезова** **Былғары және мех өңдеу технологиясы . Оқу құралы - Семей - 2008 жыл.**
- ❖ **2 Мәдиев У.К.** **Минеральное дублирование в производстве кож.- М.: Легпромбытиздат, 1997. - 304 с.**
- ❖ **3 Ө.Қ. Мәдиев, К.Т. Айтөленова.** **Былғары және тері технологиясы - Астана - 2010 жыл**
- ❖ **4 Ө.Қ. Мәдиев, К.Т. Айтөленова.** **Былғары және тері технологиясы - Алматы - 1995 жыл**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**